

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1956 және 2001 жылғы 16 наурыздағы N 353 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 387 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Ақпараттық телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1956 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 629-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеу, жасау және дамыту" 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасында:

"Бағдарлама төлқұжаты" деген 1-бөлімде:

"Қаржыландыру көлемі мен көздері" деген абзацта:

"690,0" сандар "727,7" деген сандармен ауыстырылсын;

"2004 жылға - 140 млн. теңге; 2005 жылға - 140 млн. теңге" деген сөздер "2004 жылға - 155 млн.теңге; 2005 жылға - 162,7 млн.теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

е к і н ш і а б з а ц т а :

"690,0" деген сандар "727,7" деген сандармен ауыстырылсын;

"2004 жылға - 140 млн. теңге; 2005 жылға - 140 млн. теңге" деген сөздер "2004 жылға - 155 млн. теңге; 2005 жылға - 162,7 млн. теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер үшін радиоэлектрондық аспаптар мен құралдарды әзірлеудің, жасаудың және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 4-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"2001-2005 жылдарға арналған қаржыландыру көлемі 727,7 млн. теңге бюджет қаражаты, оның ішінде жылдар бойынша: 2001 жылға - 130 млн.теңге; 2002 жылға - 140 млн. теңге; 2003 жылға - 140 млн. теңге; 2004 жылға - 155 млн. теңге; 2005 жылға - 162,7 млн. теңге." ;

2) **Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ